персональной сети респондентов, принявших участие в индивидуальных интервью и фокус-группах, и ее связи с другими персональными сетями. Двигается ли человек в своих, в том числе конфессиональных отношениях в основном в том микромире, который ему принадлежит, или он стремится его расширить и/или перейти в другой? Так же важным является вопрос о взаимодействии микромиров различных людей. Интересным вопросом также стал вопрос о том, насколько тесными (сильными) являются выявленные сетевые контакты, что существующие сетевые "узлы" знают друг о друге, могут ли они выступать ресурсным полем конфессиональной деятельности и коммуникации друг для друга. Так же в угол зрения была включена опосредованная сеть общения индивида в контексте анализа возможного влияния на трансформацию сложившейся в поле непосредственно установленной сети явного "конфессионального влияния". В индивидуальном интервью и фокус-группах (было проведено две фокус-группы) приняло участие 14 человек. В основу выборки легло наличие/отсутствие конфессиональной принадлежности, возраст и пол. В процессе проведенных исследований были

выявлены цепи, которые относятся к сети конфессионального общения. Были построены три сети, которые условно могут быть названы "традиционная", "нейтральная" и "нетрадиционная". В среднем каждая сеть охватила 12,7 человека. Из них, ядро сети, ближайшее окружение ("адепты влияния") - 4,7 человека, а остальные были отнесены к более далекому слою в контексте категории личностной сети общения.

1. "Классическая" сеть конфессионального общения/влияния.

Данная сеть соответствует типу конфессиональной идентичности характерной для большинства респондентов, охарактеризовавших себя как сторонников традиционной религии: ислам, православие, католичество. Религиозное поведение: обязательное (хотя были приведены и примеры исключительных ситуаций) посещение церкви/мечети/костела по большим религиозным праздникам; чтение молитв/намаза (опрошенные наизусть смогли продекларировать только "Отче наш"); желательное соблюдение Большого поста; желательное чтение священных книг (Библии, Корана); желательное паломничество, посещение церкви/мечети в период тяжелых жизненных ситуаций (интересно, что никто не упомянул визиты в храмы по поводу радостных событий с целью вознесения благодарности). Примечательно, что ни один из опрошенных не упомянул в беседе, старается ли он следовать Заповедям и как в его повседневной жизненной практике реализуются нормы религиозной морали. Конечно, это не значит, что данные нормы не работают совсем, наоборот, тот факт, что человек не осознает их религиозного происхождения, свидетельствует в пользу их абсолютной легитимности и укорененности. Тем не менее, человек, считающий себя верующим, должен отдавать себе отчет в том насколько религиозные практики представлены/должны быть представлены в его повседневной жизни.

Конфессиональная идентичность: верующий (сторонник традиционной религии) преимущественно идентифицирует себя посредством различных элементов религиозного поведения, однако в его модели нашлось место и для псевдорелигиозного (интерес к астрологии, магии, экстрасенсорике и пр.), что также оказывает влияния на процессы самовосприятия.

В ядре общения, наиболее близком окружении, доминируют родственники. Знакомые, коллеги по работе и соседи, скорее были отнесены к членам расширенного круга. Интересно, что друзья стояли как в ядре сети, так и в более расширенной ее части. Сеть ближайшего окружения состоит в основном из друзей и родственников. Родственники из ближайшей линии - это наиболее близкие родственники, которых респондент относит к своему ближайшему окружению. Большое значение родственных связей показывает и высокий процент, полученный в ходе опроса, - 44,3% родственников относятся к ядру персональной сети, а также к персональной сети вообще. Однако было бы не правильно делать общий вывод о том, что все

родственники имеют для конфессионально четко ориентированного индивида определенный "близкий" статус и могут пользоваться этим статусом, определяя процессы формирования/трансформации переживания индивидом чувства конфессиональной тождественности. Значительно важнее отметить, что индивид называет в своем ближайшем окружении тех людей (даже не всегда состоящих с ним в близком родстве), которые имеют для данного конкретного "Я" особое значение. Однако следует отметить, что это значение распространяется не только и даже не столько на вопросы конфессиональной тождественности индивида, а в целом формирует общее "поле" конструируемой индивидуальной картины мира в котором религиозная этика выступает в качестве фоновой составляющей.

Большое значение для понимания силы связей сети "конфессионального влияния" имеет анализ состояния и перспектив физического расширения пространства, в котором осуществляется коммуникативная сеть индивида. Как показали результаты исследования большая часть "адептов" индивидуальной сети респондентов пребывает с ними в достаточно физически ограниченном пространстве - дом, улица, район и город (указаны в порядке убывания/ослабления показателя). Так пятая часть членов коммуникативной сети проживает в одном доме (квартире) с респондентом. Еще одна пятая часть принадлежащих проживает в том же районе (являются прихожанами одной церкви/мечети/костела).

Проживают в других районах одного с респондентами города еще 40% людей, отнесенных опрошенными к ядрам индивидуальной коммуникативной сети.

Таким образом, мы можем сказать, что практически 80% источников, которые составляют ядро конфессиональной коммуникации индивида, проживают в одном и том же городе и только 20% - за его пределами.

Что касается этих двадцати процентов, то здесь сложно делать какие-либо однозначные выводы. Сложность заключается в том, что часть респондентов указали в качестве ядер сети конфессиональной интеракции - форумы общения сетевых Интернет-ресурсов. Понятно, что данные "ядра" имеют характеристику "размытого физического пространства" и нельзя сколько-нибудь точно определить степень территориальной удаленности/приближенности данного источника к индивиду. Однако учитывая доступность этих источников и их фактическую анонимность можно предположить, что сами индивиды, имеющие их в своем сетевом окружении, не всегда способны правильно оценить степень их влияния и близость отношений.

Отдельную "нишу" в характеристике "классических" типов конфессиональных сетей должны занимать официальные представители/носители религии (священники/имамы/ксендзы), т.е. те, кто непосредственно несет ответственность за формирование конфессиональности и чьей функциональной обязанностью является оказание

прямого и непосредственного влияния на ее "содержание". Однако, как показали результаты как количественного, так и качественного исследований, даже считающие себя верующими индивиды не всегда рассматривают священнослужителей как членов своей конфессиональной коммуникативной сети. Этот парадокс, конечно, объясним, но при этом он не перестает быть парадоксом. Ведь если рассматривать коммуникативные сети "классически конфессиональных обществ" (чаще всего периода средневековья или современные традиционные общества) то здесь, помимо того, что мы имеем дело с однозначно сильными и физически локализованными в пространстве закрытыми сетями, мы можем четко выделить "ядро", которое прочно пребывает в центре "сетевой паутины" и представлено священнослужителем общины, который является "абсолютным адептом" во всех вопросах веры.

Сейчас же коммуникативная сеть "классических религий", по крайней мере, в контексте нашего общества, представлена "сетевым плюрализмом" со множеством самостоятельных ядер, некоторые из которых даже не связаны друг с другом. Это слабые, открытые сети, которые позволяют мировым религиям выживать, но и которые способствуют их саморазрушению зачастую под влиянием околорелигиозных учений (астрология, йога, магия) и нетрадиционных религий.

Таким образом, основное влияние, в плане формирования конфессиональной идентичности современных казахстанцев, придерживающихся традиционных верований (православие, ислам, католицизм), протекает в рамках родственных и/или дружественных контактов (это утверждение справедливо преимущественно в отношении друзей одной с респондентом этнической группы), которые складываются и поддерживаются по месту жительства или, по крайней мере, в данном городе. Это непосредственное окружение составляет личностный ресурс индивида, в котором он проявляет свои конфессиональные интеракции. Священнослужители в этом кругу представлены крайне ограниченно - не более 3%. К ним практически не обращаются за советами и разъяснениями в вопросах веры (предпочитая использовать для этих целей Интернет - "Это же быстрее и проще" - цитата из интервью). Священнослужители не воспринимаются как проводники в вопросах веры, респонденты более склонны рассматривать их в качестве строгих учителей, прекрасно знающих свой предмет и склонных к выставлению "неуда". Проще говоря, к ним бояться/стесняются лишней раз обращаться ("зачем тревожить, неудобно", цитата из интервью). Конечно священнослужители не воспринимаются как небожители, но и отношение к ним нельзя назвать отношением как к "простым смертным". Для большинства опрошенных данной группы слово "официального носителя религии" - закон. Но латентный страх осуждения собственной безграмотности в вопросах веры, "греховности" и смутно осознаваемой конфессиональной эклектичности, сдерживает развитие процесса

общения. Стоит отметить, что и большая часть священнослужителей своим поведением/отношением способствует сохранению данной дистанции, полагая, что индивид не может не знать "прописные истины". Часто нервное напряжение, страх сделать "что-то не так" сопровождает индивидов, в рамках различного рода официальных священных ритуалов (по материалам интервью).

Вообще отношение сторонников классической религии (православие/ислам/католичество) к отправлению религиозных обрядов в большинстве своем носит эклектичный характер. Так, например, опрос, проведенный в рамках включенного наблюдения (19 января 2013/2014 гг., Свято Веденский собор, очередь за Святой водой), показал, что мало кто из присутствующих осознает реальное значение праздника Крещения. Мне были даны дюжины рецептов как использовать Святую воду: "запивать лекарство - лучше помогает", "купаться - ковшик в ванную и все грехи смываются", "чистит дом - надо окропить углы и вся нечистая сила уйдет", "умывать ребенка, если не спит - значит, сглазили" и прочее. На прямой вопрос, "зачем же набирать по 40-60 литров Святой воды", очередь оживилась и выдала несколько "вариантов" ответов: "так не только же себе, а родные, соседи, которые сегодня не смогли", "она же не портится - пусть стоит", "такое раз в год бывает, мало ли для чего понадобится" и другие. При этом люди еще отмечали, что они в ночь и из под крана воду набирают - "говорят, что Святая везде".

Схожие результаты дало и включенное наблюдение (с опросом) за купающимися на Крещение в проруби (19 января 2014 год). Из 37 опрошенных только двое более-менее четко смогли сформулировать значение крещенского купания. Однако когда я пыталась "пойти" вглубь христианской или православной традиции обосновывая, что данное купание не признается церковью как отпущение грехов (что, по версии купающихся является основной целью мероприятия) и должно рассматриваться, скорее, как языческий ритуал, это вызывало абсолютное удивление и показало неосведомленность в вопросах христианской традиции. Очень показательной, на мой взгляд, стала реакция на вопрос девушки лет восемнадцати. "Мы купаемся, потому что православные", ответила она, потом обернулась к подругам и не уверенно уточнила: "русские ведь православные, да...". При этом также необходимо отметить реакцию удивления "традиционных носителей православия" на участие в данном ритуале представителей "неславянских" этносов. Попытки объяснить, что религия и этническая принадлежность не всегда совпадают, да и не должны совпадать, вызвала у значительной части присутствующих искреннее удивление, потому как сами они верят в рамках этнической традиции.

2. "Нейтральная" сеть конфессионального общения/влияния.

Данная сеть соответствует типу конфессиональной идентичности характерной для большинства респондентов, охарактеризовавших себя как атеисты. Религиозное поведение: иногда ходят в церковь/мечеть по праздникам (за компанию) или важным для семьи мероприятиям, охотно

отмечают такие праздники как Пасха, Рождество, Курбан айт и др. В повседневной жизненной практике склонны демонстрировать стандартное следование нормам и ценностям общественной морали. Конфессиональная идентичность: "атеист" идентифицирует себя посредством различных элементов религиозного и/или псевдорелигиозного (интерес к астрологии, магии, экстрасенсорике и пр.) поведения, норм и ценностей.

В отличие от "классической/традиционной" сети конфессионального общения/влияния группа респондентов, дала более-менее однозначные результаты, ориентированные на осознание наличия влияния на них как со стороны "осязаемых" носителей веры, так и стороны других источников распространения конфессиональной информации. В данную группу комплексно были отнесены респонденты, не считающие себя верующими, но и не имеющие определенную позицию в отношении веры.

Здесь в ядре общения, наиболее близком окружении, также, как и в первой "модели", доминируют родственники. Знакомые, коллеги по работе и соседи, отнесены к членам расширенного круга. Друзья, в большинстве своем, стоят в ядре сети. Таким образом, здесь сеть ближайшего окружения также состоит в основном из друзей и родственников. Также в качестве источников возможного влияния были названы Интернет и телевидение. В том что касается последних, "влияние" в основном представлено повышенным интересом к "околорелигиозными" учениям (астрология, магия, йога) и, частично, нетрадиционными религиями.

Конечно нельзя утверждать, что данные источники не проявляются у представителей "первой группы", но в отличие от них, респонденты, вошедшие во "вторую группу" признают наличие этого интереса и возможного влияния.

Современное общество не обожествляет вождей, но обожествляет красоту, здоровье, богатство. Отказываясь от религиозных действий, человек изобретает свои обыденные ритуалы, которыми незаметно для него становятся просмотр телевизора, походы в кино или даже семейные ссоры. Исповедь заменяется сеансом у психотерапевта, роль храмов начинают выполнять торговые центры. Представители "второй группы" в рамках индивидуальных коммуникативных сетей демонстрируют различные образцы не конфессионального, но религиозного поведения характерного для атеистического общества. Полезны ли человеку такие псевдорелигиозные элементы? Ответ на данный вопрос дать достаточно сложно. Однако их проявление в ситуации неизбежности включенности современного казахстанца в контекст псевдорелигиозных сетей достаточно закономерно.

Картина конфессиональной идентичности носителей сетей "второй группы" выглядит более структурированной, чем в первом случае, в ней наблюдается гораздо меньше эклектики.

В рамках включенных наблюдений представители данной группы охотнее шли на неформальный контакт и не демонстрировали агрессивности реакций на "конфессиональные

выпады" исследователя. Их комментарии в большинстве своем носили ироничный характер. Интересную параллель провел мужчина 60-65 лет, который, простояв в очереди за Святой водой три часа, достаточно бодро заметил: "Раньше за колбасой стояли, теперь вот за Святой водой стоим". Данное замечание вызвало достаточно негативную реакцию со стороны представителей группы, условно обозначенной как "первая".

3. "Нетрадиционная" сеть конфессионального общения/влияния.

Эта сеть соответствует типу конфессиональной идентичности характерной для большинства респондентов, охарактеризовавших себя как сторонников нетрадиционной религии (по классификации). В данную группу были отнесены респонденты, являющиеся сторонниками нетрадиционных религиозных учений (Свидетели Иеговы, Грейс, Баптисты, Пятидесятники, Лютеране, Кришнаиты (с последними проводились только индивидуальные интервью)).

Конфессиональная идентичность: верующий (сторонник нетрадиционной религии) идентифицирует себя посредством четко структурированных элементов религиозного поведения.

Религиозное поведение: жесткое следование всем нормам поведения, предписанным Церковью (обязательное количество посещений церкви в неделю, "общественная деятельность", пропаганда веры, вербовка новых сторонников, зарабатывание денег на благо общины, строгое соблюдение правил в одежде и др.). Следует отметить, что предписанное поведение в рамках некоторых из представленных нетрадиционных религиозных учений иногда идет в разрез с нормами общественной морали и правом.

Данная группа респондентов крайне плохо шла на контакт и проявляла некоторую агрессивность реакции на вопросы, заданные в контексте "определения" их варианта сети конфессионального общения/влияния.

Сразу необходимо отметить, что сторонники нетрадиционной религии демонстрируют гораздо большую связь с "традиционной моделью" сети конфессионального общения, описанной выше. Данные сети, с большой долей вероятности, можно отнести к сильным сетям. В них присутствует выраженное "ядро" - священнослужитель и именно он является центром и источником конфессионально знания и опыта. К нему обращаются не только за советом и помощью, но и за разъяснениями по различным вопросам, связанным с отправлением веры. В одних случаях он - учитель, в других - советник, в третьи даже друг, но при этом, всегда в центре. Его окружают наиболее преданные сторонники, которые, в свою очередь, вовлекают в круги общения других сторонников и так далее. Таким образом, здесь, вероятно, срабатывает классическая схема сети: "ядро" - "член 1" - "член 1.1" и "член 1.2" - "член 1.2.1", "член 1.2.2", "член 1.2.3" и так далее. Однако то, что в опросе принимали участие только отдельные представители индивидуальных сетей конфессиональной коммуникации, данное

предположение может рассматриваться как вероятностное.

Территориальное единство "неклассических" сетей конфессионального общения не является абсолютным, так как в сеть включены "заезжие адепты" - верховные учителя-проповедники, приезжающие к "пастве" время от времени (стоит отметить, что у носителей традиционных религий верховные религиозные саны в сети конфессионального общения вообще не фигурируют).

Несмотря на кажущийся либерализм отдельных учений (например, Кришнаиты), сети третьего типа могут быть охарактеризованы как закрытые, так как "членство" в них достаточно четко регламентировано и может быть обеспечено только за счет "реального принятия веры", выраженное в изменении образа жизни, которое легко отслеживается (особенно это касается Свидетелей Иеговы, Грейс и Кришнаитов).

Модели конфессиональной идентичности современных казахстанцев, формируемые в рамках общеинформационного сетевого пространства в контексте сетей индивидуального общения не могут быть рассмотрены и охарактеризованы с позиций высокой доли объективности, так как их прочтение далеко от однозначности.

Несмотря на рост показателей "религиозной причастности" и сопутствующих ей специфическим культурно и исторически обусловленным формам религиозных практик говорить об устойчивости идентичности крайне затруднительно. Рост

количественных показателей, в данном случае, пока не перешел в качество, эталоном которого является постулируемая всеми традиционными (и нетрадиционными) конфессиями модель сети конфессионального общения/влияния. Тем не менее, несмотря на критические оценки, высказанные представителями доминирующих по численности традиционных конфессий, мы не можем и не должны оценивать сложившуюся ситуацию как положительную или отрицательную. Вынося какие-либо вердикты, мы не должны забывать что понятия "религиозности" и "конфессиональности" не идентичны. Конфессиональная идентичность в современных обществах, начиная с периода модерна, приобретает более сложный, широкий характер, чем религиозная, которая в данном случае рассматривается как ее составляющая. Конфессиональная идентичность современных казахстанцев, формируемая, как уже неоднократно отмечалось выше, под влиянием различных типов сетей, которые иногда бывает даже сложно отследить ввиду "клипового", фрагментарного характера их влияния (при этом фрагментарность не означает незначимость), вплетает в себя традиционные этнические и религиозные верования, языческую мифологию, псевдорелигиозные императивы, базовые общечеловеческие ценности, культурно-историческое наследие советского общества, мультикультурные ценности глобализации и только формируемы национальные ценности.

Куралай МАЙМУРУНОВА, МҚ-23 тобының 2-ші курс магистранты, Қарағанды "Болашақ" университеті, Қазақстан республикасы, Қарағанды қ., Ерубаяев көш., 16, akolovna@mail.ru, +77029518729

ТІЛДЕГІ СӨЗ ЖҰТУ ДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРЛЕРІ (ЖАЙ-КҮЙЛЕРІ)

Мақалада қазақ тіліндегі сөз жұту заңының лингвистикалық сипаты, олардың тіл деңгейлеріндегі көрінісі, сөз жұтуды тудырушы факторлар сөз болады. Үнемдеу заңының тілдегі негізгі ұғымдары анықталып, олардың қолданыс ерекшеліктері мен тілдегі қызметі теориялық тұрғыдан қарастырылды.

Түйінді сөздер: сөз жұту, психолінгвистика, тілдік үнемдеу.

Куралай МАЙМУРУНОВА, магистрант 2 курс, группы МК-23, Карагандинский университет "Болашақ", Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Ерубаяева, 16, akjolovna@mail.ru, +77029518729

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ВИДЫ УСЕЧЕНИЕ СЛОВ В ЯЗЫКЕ

В статье рассматривается лингвистический характер учение слов на казахском языке и влияющие факторы на них. Закон экономии в языкознании рассматривается как одна из основных причин развития и изменения языковой системы.

Ключевые слова: усечение слов, психолінгвистика, экономия речи.

Kuralai MAIMURUNOVA, undergraduate 2 courses, group MK-23, Karaganda University "Bolashak", Republic of Kazakhstan, Karaganda, Erubaeva str. 16, akjolovna@mail.ru, +77029518729

FORMS OF PSYCHOLOGICAL APOSIOPESIS IN LINGUISTICS

This article discusses the linguistic character of the law of economy in the Kazakh language and the factors which may influence them. The law of economy in linguistics is regarded as one of the main reasons for the development and changes in the language system.

Keywords: aposiopesis, linguistics, economy speech.

"Жұту" сөзі ғылымның бірнеше саласында қолданылады. Және қолданылу аясына сай мынадай мағыналары бар: 1) **сұйықты жұту** (биология); 2) **су жұту** - тау жыныстарының су сіңіру қабілеті(физика); 3) **Адсорбтану** - қатты немесе сұйық заттар бетінің газ, бу және еріген заттарды сіңіруі (химия). Жоғарыда аталғандай "жұту" сөзі ғылымның биология, химия, физика сияқты салаларында термин ретінде қалыптасқан. Тіл білімі саласында да бұл сөз қолданыста бар. Әсіресе тұрақты сөз тіркесінің құрамында көп кездеседі. Мысалы: жер жұту-жоғалу, басын жұту - жою, қан жұту -қайғыру, құса болу. Ал тіл білімінде "жұту" сөзін термин ретінде қарастыру мәселесі - кейінгі жылдардың еншісінде. Әсіресе, қазақ тіл білімінде..

Тіл білімінде "жұту" сөзі термин ретінде психологиялық фактормен байланысты болып келеді. "Адам психикасымен байланыстылығын нақтылай түсетін бірінші құбылыс - сөз жұту, үнсіз қалу (апозиопезис, апосиопезис немесе апозиопеза, апосиопеза; грек тілінен- үнсіздік) немесе басқаша айтқанда аяқталмаған, үзілген сөйлемдер" [1,72 б.]. Жұтылған сөйлемдер негізінен ауызекі сөйлеу және екі кітаби - көркем әдебиет және публицистикалық стильдер тіліне тән бола келе, сөйлеушіні белгілі бір қырынан танытып, әр түрлі эмоциялық әсерлері мен жай-күйлерін білдіреді. Нақтырақ айтсақ, адамның "қорқу"; "толқу"; "өкіну"; "ашулану"; "сенімсіздік" сияқты жай-күйлеріне байланысты сөз

жұтылады. Яғни, сөз жұту құбылысы жеке адамның психикалық жай-күйіне байланысты болмақ. Сөйлеушінің сөйлеу әрекетіндегі сөздерінің жұтылуы түрлі психологиялық жағдаятқа байланысты екенін жоғарыда аталған түрлі сезім мен көңіл-күйдің өзгерісінен пайда болатын психологиялық жай-күйлердің әсерін анықтауға болады. Психикалық жай-күйі ұғымдарын лингвистикалық қырынан сипаттау бүгінгі күнде тіл білімінің өзекті мәселесінің бірі болып отыр.

Сөйлеушінің өз ойын әдейі аяқтамауы немесе үзілуі ерекше бір екпінмен жеткізіледі(көркем шығармада көп нүктемен беріледі). Мысалы:

- "Өзіңді -өзің алдама, Есеней, аярланба!" - деп тұр. Көңілге бір ой кіргелі қылаңдап тұр ма, қалай.[2,26 б.].

Көркем шығарманың тілінде жұтылған сөйлемдер жиі кездесетіндіктен, жоғарыда аталған жай-күйлердің әрқайсысына жекелей тоқталып, мысалмен талдап көрейік.

1."Қорқу" психологиялық жай-күйіне байланысты сөз жұту

Мысалдар:

1. Жарты -ақ шақырым қалды ағашқа... Оқ бойы... Арқан бойы... Құтылды-ау қан жауғыр.... Қой ұмтылмаса болмас....

2. Кімге деп отырмын ғой? - деді Қалампыр екіленіп. Айтқанымен де ұсынысы өтпеуіне көзі жеткен Баймырза еркін билеп алған әйелінен сырын жасыра алмады.

- Токсанбайдыкіне..... - деді ол күмілжіп [3,26 б.].

3. Ол қала жаққа үркек аттай шекесінен қарап қойды.

- Дәуке, осы жақта колхозға қарсы шыққан басмашы бар деуші еді... Өзі былай... Өзі былай... Ұрықары паналайтын жердің түрі екен, - деді ол күмілжіп [4,123 б.].

Қорқынышты сезу - бұл әр адам үшін қалыпты нәрсе. Қорқу эмоциясы кезінде адамның қимыл-қозғалысымен қатар сөйлеу мәнері өзгереді. Қорқу жағдайына байланысты адам өз ойын үзіп, сөзі жұтылып, аяқталмай қалуы мүмкін. Тіпті орнынан қозғала алмай, даусы шықпай қалатын кездері болады. Қорқыныштың жеңіл түрі - тынышсыздану, ауыры - үрейі ұшу. Жоғарыда келтірілген мысалдардан қорқыныш жағдайының екі формасына да байланысты сөз жұтуды байқауға болады.

Алғашқы мысалда адресанттың үрейі ұшуы жағдайына байланысты ойының үзілгенін байқаймыз. Яғни ойы қорқыныштан сан-саққа кеткендіктен, сөзін аяқтау мүмкіндігі болған жоқ. Үшінші мысалдан да адресант сөзінің жұтылуы қорқу жағдайының ауыр формасы - үрейленуге байланысты екенін көреміз. Адресанттың өзі хабардар оқиғадан шын қорқатындығын "өзі былай..." тіркесін қайталай бергендігінен байқауға болады. "Өзі былай..." тіркесі арқылы сөйлеуші қаланың "қауіп-қатерлі" жер екенін аңғартқандай.

Екінші мысалда қорқыныштың жеңіл формасы - күмілжу, тынышсыздану әсері басым. Күйеуінің қайда болғанын анықтау мақсатында анталаған Қалампырдың сұрағына "Токсанбайдыкіне...." деп жауап беруінен Баймырзадан тартыншақтану, күмілжу, үрейлену сияқты эмоцияларды байқамыз. Бұнда адресанттың бойынан сенімсіздік те байқалады. Бірақ әйелінің бәрінен қанық болуы Баймырзаның бойында қорқыныш сезімін тудырғандықтан, сенімсіздікпен жауап берді.

2. Толқу психологиялық жай-күйіне қатысты сөз жұту

Адамның бойында толқыныс қуану және ұялу жағдайына байланысты туындайды.

а) Қуану жағдайына байланысты толқуға мысалдар:

Кош келіп, байдың үйлері үлкен-үлкен жаба салмасын жасап алған кезде, сиырларының тілін салақтатып, сілекейін шұбыртып, бүйірін солықтатып, жүгіріп, сиырларын ұстап, жүгін түсіріп жатқанда Шекерлер де келді. Түтігіп,

Күнікейге:

-Сайтан-ау! Сонша шауып... астындағыны алып қойса қайтесің? Маңдайыңа

басқан атыңнан жаман... -дегенде, Күнікей жайымен жұмыс істеп жатып:

- Ойбай, апа-ай! Ат беретін кісі мендей бола ма? Бүгінгі күні менікі болған жоқ па! - деді.

-Не дейді, ойбай, мына қыз! - деген соң, Күнікей бүгінгі әңгімесін айтып шықты. Шекер түк айта алмады.

- Сен бе? Сен..... -деп тамсанып жымыйды [4,123 б.].

Жоғарыдағы мысал диалогпен берілген. Диалогтың өн бойынан Шекерді "ашулану", "қорқу"

және "қуану" психологиялық жай-күйлерін аңғаруға болады.

Күнікейдің байдың балаларымен бәйге жарыстырғанын естіген Шекердің бойын алдымен ашумен қоса қорқыныш биледі. "Атты тартып алып қойса қайтеді?" деген қорқыныштан ол қызына ашуланды. Кейіпкердің әр түрлі қорқу, ашулану, мазасыздану сияқты психикалық жай-күйлерін "Сонша шауып..." "Маңдайыңа басқан атыңнан жаман..." деген жұтылып, аяқсыз қалған сөздерінен байқауға болады. Кейіпкердің түрлі жай-күйі тұтас бір азат жолда бірнеше мәрте өзгергендігін ары қарай тағы байқаймыз. Қызының бүгінгі күнде басып озып, бәйге алғанын естігенде Шекердің көңіл-күйі бірден өзгерді. Ол қуаныштан айтар "Сен бе? Сен....." деп сөз таба алмауы, қызына тамсанып, оны мақтан тұтуымен байланысты. Адресант "Сен бе? Сен..." сөзінен кейін айтпақ ойын тежеп қалған. Ол "қуану" жағдайына байланысты толқыныс әсерінен дыбыстау мүшелерінің тежелуі себебінен. Алайда бұдан диалогтың мазмұны "зардап шеккен жоқ". Себебі автор адресанттың жұтылған сөзін "тамсанып" етістігімен толықтырып тұр. Яғни Шекердің қуаныш, мақтаныш кернеген сезімін осы етістік айқындап тұрғандай. Шаттанып қуанған Шекер мүмкін "Сен бе? Сен қыздан ол шығады!", "Сен бе? Сен қыз, не болса да осы кедейліктен бізді сен құтқарасың.", "Сен бе? Сенің қолыңнан келеді", "Сен бе? Сен қыздан бұны күтуге болады" деп те айтқысы келген шығар. Оқырман Шекердің жұтылған сөзін өз қалауынша таңдау жасап, аяқтап алуына мүмкіндігі бар...

ә) Ұялу жағдайына байланысты толқуға мысалдар:

1.- Кеше мен сені жақсы көріп кеттім ғой, оны білдің бе? - деді.

-Сүйтгіңіз бе?

-Сүйтгім.... Сен ше?

-Мен бе?.. білмеймін... -деп Күнікей тұқырып, мырс етті [5,123 б.].

2. - А, балақайым, алақайым, шырақайым... Қайдан келесің? - деп басын сипады. Ақбілек не дерін білмей күмілжіп, міңгірлеп қалды.

-Дуана-еке, мен... мен... Мамырбай ақсақалдың... - дей беріп еді [6,65 б.].

3. -Мына төбенің астында. Біздің топты көріп, ошарланып қалды. Сені шақырғалы келе жатсам, неге ұрдың мені?!

- Жау екен деп....

Ұяттан беті қызарған Балуан Шолақ атынан қарғып түсіп, жығылған атқа қараса, соққан қамшы маңдай сүйегін айырып түскен екен [7,214 б.].

4.- Енді одақ алмастырып ойналық, - деді.

- Мен жақсы ойнай алмаймын. Тек... - деп қызарқтады Әбен [3,143 б.].

5.-Е, ән салып келесіңдер ме? Қане айтындаршы - деді Шәмши. Байдың қызы жоқта ыңырысып келе жатқан жаман-жұман қыздар:

- Ойбай- ау... жок... әншейін.... деп құты қашып, дымын қоя қойды [6,48 б.].

Бірінші мысалдағы сөз сұраулы сөйлемдер негізінде жүзеге асқан. Күнікейге Байман өз сезімін білдіріп, қыздың ойын білмекке қарсы сұрақ қояды.

Оқырман Күнікейдің "Мен бе?... білмеймін..." деп іркіп қалуынан алғашқыда сенімсіздіктен бе деп ойлап қалуы мүмкін. Бірақ Күнікейдің ұлттық танымдық тұрғыдан қазақ қызына тән ұялшақтықтығы басым түсіп, "білмеймін..." деп сөзін жұтуын "ұялу" жағдайына байланысты толқудан деп түсінуге болады. Күнікейдің де Байманға деген сезімін "Мен бе?... білмеймін..." дегенінен аңғару қиын емес. Бірақ автор Күнікейдің сөзін айтқызбай, көп нүктемен аяқтаған. Яғни қыздың толқып, ұялуы себебінен сөзі жұтылған.

"Өкіну" психологиялық жай-күйіне қатысты сөз жұту

1.- Қайдан білейін, әлгі балалар болады деген секілді еді.

- Жақсылық жасаған жақсы, әрине. Бірақ заңның да обалы бар емес пе? Заң жарықтықты сыйламай болмайды. Апырай, ә?

- Заңға обал болса...

- Жоқ, жоқ. Бұл арада сіздің ешқандай жазығыңыз жоқ!

- А... Апырай, ә [3,184 б.].

Жоғарыда берілген мысалда ақсақалдың сөзінен мүгедек ағайынына машинаны рұқсатсыз беріп қойғанына өкініп, өз-өзіне ренжігенін байқаймыз. "Заңға обал жасағанына" налып, өкіну әсерінен адресанттың сөзі жұтылған. Одан әрі "А... Апырай, ә..." одағай сөзінің өзі ақсақалдың өкіну жағдайын аңғартып тұр. "Апырай" одағайы үнемі "өкіну", "ренжу", "налу" сияқты психологиялық жай-күйлерді сипаттайды. Сондықтан ақсақалдың сөзі жұтылса да, аталған одағай арқылы айтпақ ойы түсінікті болып тұр.

"Ашулану" психологиялық жай-күйіне қатысты сөз жұту

1.- Опыр-ай.. Опыр-ай... аузын...! - деп келіп Қасен жуан қамшының басын Көксеректің көмекейіге тығып жіберіп, мықтап басып тұрып, жауының тұмсығын жоғары қарай керіп жіберді [8,56 б.].

2. Бұл кезде Бейсембай да қара пышақты Көксеректің өкпесіне салып-салып жіберіп еді.

- Осы... осы.. Осы ит... - десті [8,56 б.].

3. Жеңген адамның айқайына салып, баптап боктағысы келді.

-Мен бар-ау... Сенің бар-ау, әй... іркіт құятын ескі мес сияқты қатыныңның бар-ау.... тап-тап бар-ау... [2,94 б.].

4. -Сен мырзасың... Кәкөй шорт сен мырза... От, мен мырза болсам... Сол ма Иван?... Мен мырза бүкіл қарашұнақты бір уысқа сыйдырар едім... [3,55 б.].

5. - Солай ма? Мен білсемші! Жеңгетайым сырттан бәрін байқап жүр екенсің ғой! - деп, Күнікейдің қолын байырына тартып, жүрегіне басып сипап қояды.

- Әнеугүніден бері жеңешемізге бір келіп амандасуға жарамай, ағаңыздың қадірі барлығы ғой... Кісі көргендей үйіміз де, күйіміз де жоқ, сонда да ... - деп Байманды бір састырды [6,165 б.].

6. Құлтұманың тайталасқанына Шекердікі де ұстап кетті:

- Сенің не білгенің бар? Немене аузыңа келгенді күйсеп отырғаның ... Малға ие жігіт боп... Мал тұрсын, басында билік бар ма?... Сенде түйсік, сенде мынадай сана болса, Күнікейден мал аяр ма едің? Жұрттың басынатыны - сенің қортықтығың ғой... Қысып отыр, аузымды қыздырмай... - деп Құлтұманы біржола орнынан тұрғысыз етті [6,189 б.].

"Ашулану" психологиялық жай-күйге байланысты сөз жұтылу жайлы филология ғылымдарының кандидаты Ж. М. Баймұрынов өзінің "Синтаксистегі үнемдеу құбылыстары" еңбегінде былай дейді: "Ашу психологиялық жай-күйге қатысты айтылыста берілмек мазмұнды тасымалдаушы қатысымдық тұлғалар саны сөз саптау үдерісіндегі әуелгі жоспарға сай бола бермейді. Қатысымдық тұлғалардың сан жағынан бұлайша кеміп қалуы ашулы жағдайда сөйлеген адресанттың хабарды жарыққа шығаруға қатыстатын тиісті сөздерді таңдауда эстетикалық талғамын әлсіретіп алатындығымен түсіндіріледі. Айталық, ашуға құқық берген адамның анайы сөздерді де айтып салатыны, өрескел әрекеттерге де баратыны да бар. Себебі бар: психикадағы кенеттен болған күшті реакция сөйлеу иіліне тән саликалы шешімге мұрша келтірмейді" [9, 148].

Ғалымның айтқан пікіріне сүйене отырып, жоғарыда берілген мысалдарды талдап көрсек.

Бірінші және екінші мысалдарда Қасен де Бейсембай да Көксеректі жек көріп кеткендіктері соншалық, ашуға булығып, айтар сөз таба алмай, анайы сөздер қатарын қолданулары да мүмкін еді.

Ал үшінші сөйлемде адресанттың сөзі не үшін жұтылғандығын автордың өзі айтып өтеді. Адресант анайы сөзді қолданбай, оның орнын "бар-ау..." нақтылау сөзімен толықтырған.

Ғалымдардың пайымдауынша, адамның қатты ашу-ызғаға бөлену жағдайы жоғары жүйке қызметіндегі тежелу процесіне күшті қозу процесінің ерік бермеуі нәтижесінде туындайды. Соның салдарынан ашумен "аңдамай сөйлеп, ауырмай өлмес үшін" адресант сөзін жұтуға мәжбүр болады.

"Сенімсіздік" психологиялық жай-күйіне байланысты сөз жұту

1.-Ұлпанжан бетіне адам қарсы келмей ерке өскен бала еді, кім білсін... [2, 56].

2. - Тәуір емеспін... Тәуір болуды тілемеймін де... Сәлем, сәлем айт?... - деді. Жылап қоя берді.

- Тірі келсе көресің ғой , бірақ мен..

Тығылған жасқа булығып сөзін айта алмады [5,18].

3. -Жай жүрмісің, Жұматай ?

-Жай емес қой... Не қылмақшы ем... нетіп.. - деп бірсыпыраға шейін ойын ашып айта алмай тұрды [5,135].

4. Көзім тартып тұрғаны несі? - деп, бір бұраңдап қойған еді...

- Жай тартады... қуанарсың... қай көзің...?

- Қуанар ем: сол көзім... -деді бітті, кім елесін ондайды? [6,73].

Бірінші мысалда адамның бойындағы сенімсіздік, белгісіздік жай-күйін білдіретін "кім білсін..." тіркесінен адресант бойындағы күмән мен сенімсіздікті аңғаруға болады. Яғни Есеней өзін

Ұлпанның қабылдар-қабылдамасына күмәні барын оқырманға осылай сездіреді.

Ал екінші мысалда ауыр халде жатқан Шұғаның психологиялық жан күйзелісі аңғарылады. Хал үстінде жатып, Әбдірахманды енді қайтіп көретіндігіне сенімсіздік танытып, "бірақ мен.." деп сөзін аяқтамайды. Онысы бірақ мен "тәуір болмаспын, жазылмаспын" дегені екенін оқырман түсініп отыр. Адресант тілінде қолданылып отырған қарысылықты жалғаулық оның бойындағы сенімсіздікті арттыра түседі.

Төртінші мысалда Ақбілектің сұрағына қыздардың "қай көзің..?" деп сенімсіздікпен жауап беруінде бір мән бар. Себебі "Оң көзің тартса - қуанасың, сол көзің тартса - ренжисің" деген ырымға сенуімен байланысты.

Қорыта келгенде, сөз жұту - психоллингвистика заңымен тығыз байланысты. Тілдер табиғатындағы түрлі ерекшеліктерге қарамастан, тілдік деңгейлерде тұтастай танылатын үнемдеу заңдылығы ғалымдардың назарын аударып отырған ірі тілдік құбылыс. Бұл мәселе әлі де тереңдей зерттеуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Стилистический энциклопедический словарь /Под. ред. М.Н. Кожиной/- Издательство "Флинта", 2003.- 840 с.
2. Мүсірепов Ғ. Ұлпан: Роман. - Алматы: Атамұра, 2003. - 264 б.
3. Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы. Т.4. - 2010. - 385 б.
4. Ахтанов Т. Махаббат мұңы: Таңдамалы шығармалар. - Алматы: раритет, 2005. - 288 б. - "Алтын қор" кітапханасы.
5. Майлин Б. Шұғаның белгісі: Повестер мен әңгімелер. - Алматы: Атамұра, 2003. - 310 б.
6. Аймауытов Ж. Ақбілек: Роман, повестер. - Алматы: Атамұра, 2003. - 280 б.
7. Муканов Б. Балуан Шолақ: Повестер мен әңгімелер. - Алматы: Атамұра, 2002. - 480 б.
8. Әуезов М. Қорғансыздың күні: Әңгімелер мен повестер. - Алматы: Атамұра, 2002. - 432б.
9. Баймұрынов Ж.М. Синтаксистік үнемдеу құбылыстары / (Психоллингвистикалық аспект). Монография. - Қарағанды "Болашақ-Баспа", 2013. - 186 б.

Айтқұл ҚОСЖАНОВ з.ғ.к., профессор, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 100009, Қазақстан республикасы, Қарағанды қ., Академическая к. 9, +77021668632
Тимур ҚОСЖАНОВ ИМ Б.Бейсенов атындағы Заң Академиясының "Жедел іздестіру" кафедрасының оқытушысы, полиция подполковнигі, Ермекова к. 124, +77051384241

ЕВРОАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІҢ НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКА ҚЫЗМЕТІНІҢ ІСКЕ АСЫРУ ӘДІСТЕРІ

Мақалада авторлар Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекетіндегі нарықтық экономика қызметінің іске асыру әдістерін қарастырады.

Түйін сөздер: Нарық, экономика, мемлекет, құқықтық мемлекет, мемлекеттік органдар.

Айтқұл ҚОСЖАНОВ к.ю.н., профессор, Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза, 100009, Республика Казахстан, г. Караганда, ул. Академическая 9, +77021668632
Тимур ҚОСЖАНОВ старший преподаватель кафедры "Оперативного розыска" Карагандинской академии Министерства внутренних дел Республики Казахстан имени Барымбека Бейсенова, подполковник полиции, ул. Ермекова 124, +77051384241

МЕТОДЫ РЕАЛИЗАЦИИ РЫНОЧНО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ ФУНКЦИЙ В ПРАВОВОМ ГОСУДАРСТВЕ В УСЛОВИЯХ ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА

В статье авторы рассматривают методы осуществления функций рыночной экономики в Республике Казахстан как правовом государстве.

Ключевые слова: Рынок, экономика, государство, правовые государство, государственный орган.

Aitkyl KOSZHANOV PhD, Karaganda Economic University of Kazpotrebsoyuz, 100009, Republic of Kazakhstan, Karaganda, Akademicheskaya st. 9, +77021668632
Timur KOSZHANOV a senior lecturer of the Department "Operational investigation" Karaganda Academies of the Ministry of interior of the Republic of Kazakhstan, Lieutenant colonel of police, +77051384241

METHODS OF IMPLEMENTING MARKET-ECONOMIC FUNCTIONS LEGAL STATE IN THE CONTEXT OF THE EURASIAN ECONOMIC UNION

In the article authors consider methods of realization functions of market economic in the Republic of Kazakhstan as legal state.

Keywords: Market, economic, state, legal state, state authority

Нарық дегеніміз - сатушылар мен сатып алушылар араларындағы экономикалық қатынастар. Оның негізгі элементтері сұраныс (сұраным), ұсыныс (ұсыным) және баға болып табылады. Нарық және нарықтық қатынастар жағдайында құқық пен мемлекет экономикаға өз ықпалын тигізеді. Бір жағынан алғанда экономиканың даму заңы объективтік заңдылық ретінде болады. Құқық пен мемлекет оларға жанамалай ықпал етеді. Басқа жағынан алғанда осы заңдылықтарды мемлекет құқық нормалары түрінде баянды етеді. Осының өзі арқылы экономикаға шешуші ықпал тигізеді. Экономиканың басым бағыттары мемлекетті тікелей қолдайды, ал мемлекет болса оның басым бағыттарын дамытуға жағдайлар жасап ынталандырады, олардың стратегиялық бағыт-бағдарын айқындап береді. Мемлекеттің қолдаусыз экономика тиісті түрде дами алмайды. Мемлекеттің экономика аясын бақылауы тікелей және жанамалай түрде жүргізіледі.

Тікелей мемлекеттік бақылауға жататындары:

- қаржылық бақылау;

- экологиялық бақылау;
- санитарлық бақылау;
- өрт қауіпсіздігін бақылау;
- ақша бірлігін бақылау;
- өнім сапасын бақылау.

Осы және басқалар да бақылау шаралары құқықтық және ұйымдық түрде жүргізіледі. [1, 126.]. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік мемлекет ретінде өз алдына отау тіккелі бергі кезеңде батыстық өркениеттің ерекше белгісі болып табылатын құқықтық мемлекет қалыптастыру ниетінің беріктігін көрсетуде. Қазақстан Республикасының әрекеттегі Конституциясына сәйкес, ондағы "мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады".

Мемлекет органы - мемлекет қызметін жүзеге асыруға көмектесетін, мемлекет механизмінің құрылымдық бөлігі болып табылатын, биліктік өкілеттіліктерін жүзеге асыруы мемлекеттік

мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілетін мекемелер мен жеке лауазымды тұлғалар.

Мемлекет органының өзіне тән ерекше белгілері болады:

- мемлекеттік органдар мемлекет механизмінің дербес элементі, біртұтас мемлекеттік ағзаның өзіндік арнаулы орнымен сипатталатын ажырағысыз бөлігі;

- мемлекет атынан және оның өкілеттілігімен әрекет етеді;

- мемлекеттік органдар нормативті-құқықтық актілер (конституция, заңдар және заңға бағынышты актілер) негізінде құрылған және әрекет етеді;

- әрбір мемлекеттік орган тек өзіне тән міндеттер мен функцияларды атқарады және сол үшін тиісті нысандар мен әдістерді қолданады (биліктік өкілеттіліктерді иемденген, соның ішінде қажетті жағдайда мемлекеттік мәжбүр ету шараларын қолдану да қарастырылған);

- мақсат ортақтығымен сипатталатын мемлекеттік қызметкерлер мен тиісті құрылымдардан (бөлім, басқарма, аппарат, кеңсе және өзгелерден) тұрады;

- органдардың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін қажетті материалдық база (құрылым, көлік, ұйымдастырушылық техникалары және т.б.) мен қаржылық құралдар (банктегі есеп шоты, қажетті қаржы қорлары т.б.) берілген;

- мемлекеттік органдар белгілі бір құқықтық мәртебеге ие болады, онда берілген мемлекеттік органның жағдайы және оның нақты әлеуметтік мазмұны көрініс табады;

- мемлекеттік органдардың өзіне тиісті құзіреті болады. Құзірет - ұйымның заңмен бекітілген құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы. Ол нақты органға немесе лауазымды тұлғаға мемлекеттік, яки қоғамға маңызды міндеттер мен тиісті қызметтерді тиісті дәрежесінде жүзеге асыру мақсатында беріледі;

- мемлекеттік органдар өз құзіретін үш тәсілмен:

- а) нормативті актілер (жалпы сипаттағы нұсқаулар) қабылдау жолымен;

- ә) құқық қолдану актілерін (жеке сипаттағы нұсқаулар) қабылдау жолымен;

- б) нақты - ұйымдастырушылық әрекеттер жолымен жүзеге асырады;

- мүліктік құқықтарды жүзеге асыру барысында заңды тұлға ретінде көрінеді, яғни өз жауапкершілігі бойынша оған сеніп тапсырылған мүлікпен жауап береді, сондай-ақ өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемдене және жүзеге асыра алады, міндеттерді атқарады, сотта талапкер және жауапкер бола алады;

- мемлекеттік органдар белгілі бір аумақта әрекет етеді.

Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекетіндегі нарықтық экономика қызметінің іске асыру шарасына, әдістеріне байланысты Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында жалпы саяси жүйені одан әрі жаңғыртудың, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың басымдығы анықталған. Қазақстанда 2020 жылға қарай өкілді биліктің маңызы арта түсетіндігі, үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жергілікті өзін-өзі басқару және

азаматтық қоғамның тиімді институттары құрылады деп күтіледі.

Қазіргі уақытта мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруда жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуын қамтамасыз ету қажет. Бұл мемлекеттік басқарудың бірқатар мәселелерін жергілікті жерде шешудің барынша орындылығымен түсіндіріледі. Өз кезегінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен мемлекеттік билік органдары арасындағы осындай өзара қатынастар схемасы басқарудың деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлуге әкеледі, бұл ретте біздің еліміздің біртұтас құрылымын сақтай отырып бұл органдардың өңірлік міндеттерді шешуге бірлесе қатысуын қамтамасыз етеді.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мәнін айқындаудың маңызды көрсеткіші олардың қызметіне халықтың тікелей қатысу факторы болып табылады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімді жұмыс істеуін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін жергілікті өзін-өзі басқарудың жергілікті органдарына материалдық-қаржылық ресурстардың тиісті көлемі біртіндеп берілетін болады.

Бұл елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және толыққанды азаматтық қоғам қалыптастыруға жаңа серпін береді [2].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы Қазақстан халқына жолдауында "Қазақстан- 2030" Стратегиясының жүзеге асуын қорытындылап, бұл стратегияның біздің мемлекетіміздің қалыптасу кезеңі үшін жасалғанын және оның бүгінгі таңда өзінің арқаулық өлшемі бойынша орындалғанын айтты. Сонымен қатар, еліміздің 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағытының жобасын ұсынып, "Қазақстан-2050" Стратегиясының негізгі бағыттарын талдап берді. Бұл құжатта ел дамуының басым бағыттары белгіленіп, экономикалық саясатты кезеңдік жүзеге асыру жолдары айқындалды. Елбасы "Біздің басты мақсатымыз - 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру" деп атап көрсетті.

Президенттің жаңа стратегиясы 2030 Стратегиясы шеңберіндегі реформалардың заңды жалғасы болып табылады және 2050 Стратегиясын жүзеге асыруда да кадрлық саясатқа ерекше көңіл бөлінетін болады. Өйткені, жаңа экономикалық саясат табыстылығының басты шарты - ол кадрлар арқылы нығайтылуы тиіс екендігі Жолдауда айтылды.

